

## 2024 жылғы сәуір айына Қазақстан Республикасы бойынша консультативтік ауа райы болжамы

Климаттық мәліметтер бойынша сәуір айы Қазақстанның барлық аумағында көктемнің басталатын уақыты. Сәуір айында күн тез ұзарып, күн көкжиектен жоғары көтеріледі. Одан әрі күн жылынады.

Сәуір айында Қазақстанның барлық аумағында бір айдағы орташа ауа температурасы *нормадан 1-2° жоғары* болады деп күтілуде.

Сәуір айында жауын – шашын мөлшері республика аумағының басым бөлігінде *нормадан көп*, Ұлытау, Қарағанды, Павлодар облыстарында, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Жамбыл, Алматы, Жетісу және Абай облыстарының басым бөлігінде, Қызылорда, Түркістан облыстарының солтүстік-шығысында және Шығыс Қазақстан облыстарының солтүстік-батысында *норма шамасында* болжанады.

Бір ай ішінде Каспийдің оңтүстігінен және Ресейдің Еуропалық аумағынан циклондардың әсерінен ауа-райының тұрақсыздығы басым болады. Желдің күшеюі 15-20 м/с, жекелеген күндері екпіні 23-28 м/с дейін (батыста және оңтүстікте шаңды дауылмен), республика бойынша найзағай, бұршақ болуы мүмкін.

**Сәуір айының бірінші онкүндігінің** басында және екінші жартысында ҚР басым бөлігінде жауын-шашын күтіледі: түнгі уақытта жаңбыр мен қар түрінде, күндіз жаңбыр түрінде күтіледі. 3, 10 сәуірде Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында, онкүндіктің соңында 08-09 сәуірде орталық және оңтүстік - шығысында (Ұлытау, Қарағанды, Жамбыл облыстары), 09 сәуірде Түркістан, Алматы және Жетісу облыстарында қатты жауын-шашын болады деп болжануда. Республика бойынша тұман, елдің солтүстігінде, шығысында, орталығында көктайғақ болады деп күтілуде. Жауын-шашынның тоқтауы елдің батысында онкүндіктің басында, республиканың басым бөлігінде онкүндіктің ортасында күтіледі.

Онкүндіктің алғашқы күндерінде республиканың басым бөлігінде ауа температурасының төмендеуі күтіледі: солтүстік-батыста, солтүстікте, шығыста, елдің орталығында түнде -2-7°C дейін, күндіз +3+8°C дейін, содан кейін 4 сәуірден бастап ауа температурасы түнде 0+5°C, күндіз +12+20°C дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында температуралық фонның түнде -2-7°C дейін, күндіз +5+12°C дейін қайта төмендеуі болжанады.

Сәуір айының басында елдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында ауа температурасы түнде -5+3°C дейін, күндіз +5+15°C дейін төмендейді, содан кейін түнде +3+10°C дейін, күндіз +13+23°C дейін жоғарылайды деп болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде -3+5°C дейін, күндіз +7+15°C дейін төмендеуі болжанады.

Қазақстанның батысында ауа температурасының негізгі фоны түнде +2+9°C, күндіз +13+20°C құрайды.

Сәуірдің **екінші және үшінші онкүндігінде** Иран мен Орта Азия аудандарынан жылы ауа массаларының шығарылуымен температуралық фон жоғарылайды:

елдің солтүстігінде, орталығында және шығысында түнде +2+10°C дейін, күндіз +15+25°C дейін;

оңтүстік өңірлерде және ҚР батысында түнде +7+13°C дейін, күндіз +17 + 27°C дейін.

Алайда, суық ауа райының қайталануы болжанады. Республиканың солтүстік, орталық және шығыс аймақтарындағы Ресей аумағынан суық ауа массаларының ағуы кезінде термометрлердің бағандары түнде -2-7°C-қа дейін, күндіз +6+11°C-қа дейін, оңтүстік аймақтарда және елдің батысында түнде -2+7°C-қа дейін, күндіз +10+18°C -ге дейін төмендеуі мүмкін.